

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі»  
ММ «№2 Хромтау гимназиясы» КММ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін  
ішкі талдау нәтижелері бойынша  
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

Хромтау қаласы

2023 жылғы 18 мамыр

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау «№2 Хромтау гимназиясы» КММ директорының 2023 жылғы 28 сәуірдегі № 66 н/қ бұйрығы негізінде жүргізілді. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- 1) бөлімшенің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

Бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі бойынша төмендегі мәселелерге талдау жүргізілді:

- 1) персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау;
- 2) мүдделер қақтығысын реттеу;
- 3) мемлекеттік қызметтер көрсету;
- 4) рұқсат беру функцияларын іске асыру;
- 5) бақылау-тексеру функцияларын іске асыру;
- 6) бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;
- 7) жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу;
- 8) ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;
- 9) талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

**Талдауды жүргізу мерзімі:** 2023 жылғы 03-24 мамыр.

**Талдауды жүргізу кезені:** 2023 жылдың I-тоқсаны қаңтар-сәуір айы (4 айы).

«№2 Хромтау гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз қызметі мен өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Заңдарына, Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік-құқықтық актілерге, Хромтау ауданының әкімдігінің қаулыларына, Хромтау ауданының білім бөлімінің бұйрықтарына, білім беру ұйымының Жарғысына және мектептің ішкі тәртіп ережесіне сәйкес жүзеге асырады.

**Талданатын нысан туралы мәлімет:**

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ «№2 Хромтау гимназиясы» КММ.

2022-2023 оқу жылындағы білім алушылар саны - 821 аяқтады. Барлығы 1-11 сыныптар аралығында 31 класс - комплект бар.



Оның ішінде: Мектепалды даярлық сыныбында - 49 бала, 1-4 сыныптарда - 372 бала, 5-9 сыныптарда - 313 бала, 10-11 сыныптарда - 87 білім алушы білім алуда.

**Мекенжайы:** Ақтөбе облысы, Хромтау қаласы, Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Хромтау қаласы Надежда Курченко көшесі, 1 үйі;

Хромтау қаласының білім бөлімінің құрылымдық кәсіпорыны болып табылады.

«№2 Хромтау гимназиясы» КММ құзыретіне жататын функцияларды, жоспарлы құжаттарды, нормативтік-құқықтық актілерді орындауға, мемлекеттік органның жоспарлы құжаттарында көзделген мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге, мемлекеттік қызметтер көрсетуге бағытталған іске асыру функцияларын жүзеге асыру мектептің негізгі міндеті болып табылады.

Мектеп өз қызметі мен өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Заңдарына, Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік-құқықтық актілерге, Хромтау ауданы әкімдігінің қаулыларына, «№2 Хромтау гимназиясы» КММ Жарғысына, Хромтау аудандық білім бөлімінің бұйрықтарына сәйкес жүзеге асырады.

### ***1. «№2 Хромтау гимназиясы» КММ персоналды басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау***

#### **1. Персоналды басқару, соның ішінде кадрларды конкурспен қабылдау және кадрлардың жұмыстан шығарылуы, ауысуы;**

*Мектеп директоры:* Юшкевич Елена Павловна.

Гимназия директоры азаматтарды жеке қабылдауын кабинетінде тұрғындарға қолайлы жағдай жасау, әкімшілік кедергілерді жою принципін ендіру түрінде жүргізеді.

Мектептің штат саны 81 қызметкерді құрайды, оның ішінде педагогтар саны - 64, (оның 7 декреттік демалыста) кіші қызметкерлер саны - 17.

Мектепте педагогтарды жұмысқа қабылдау және бос орынға қабылдау ҚР Білім және ғылым Министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 22 желтоқсандағы № 513 бұйрығы негізінде конкурс жариялау арқылы жүргізілген.

2023 жылдың қаңтар – сәуір айларында педагогтың бос және уақытша бос орындарына конкурс 2023 жылдың 27 желтоқсан - 05 қаңтар аралығында 2 маман, 13 сәуір - 21 сәуір аралығында 2 маманға, оның ішінде қазақ тілі, ағылшын тілі, орыс тілі мен әдебиеті, дене шынықтыру пән мұғалімдеріне жарияланған. Конкурс мектептің сайтында хабарландыру түрінде орналастырылған. Конкурс ұйымдастыру тәртібінің кезеңдері толық сақталған. Конкурс комиссиясының шешімімен бұйрықтар шығарылған. Тест арқылы қабылданған педагог саны - 3 педагог.

2023 жылдың қаңтар – сәуір айлары аралығында жұмыстан шыққан педагогтар саны - 1, 2 - педагог декретке кеткен.

*Кіші қызметкерлердің жұмыстан шыққаны - 2, жұмыс ауыстырғандары жоқ.*



## **2) мүдделер қақтығысын реттеу;**

Талдау барысында мемлекеттік қызметте мүдделер қақтығысының фактілері анықталған жоқ.

## **3) мемлекеттік қызмет көрсету:**

*Білім беру ұйымдарында көрсетілетін мемлекеттік қызмет саны-6.*

1) «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсету

2) "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйымдар арасында балалар ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсету

3) «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттар қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсету

4) «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызмет көрсету

5) «Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызмет көрсету

6) «Мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет.

Гимназия директорының 2023 жылғы 12 қаңтардағы № 61 н/қ бұйрығымен мемлекеттік көрсетілетін қызметтің жауапты тұлғалары бекітілген.

2023 жылдың қаңтар-сәуір (4 айы бойынша) айларымен барлығы- 60 қызмет көрсетілген. Басқа мектептен ауысып келген 6 оқушы қабылданған. Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың 1 телнұсқасы берілген. Сәуір айында 1 сыныпқа қабылдау «Е Ақтобе», «mектеп.akt.kz» веб-порталы арқылы электрондық форматта- 53 қызмет көрсетілген. 2023 жылы ақпан айында 50 тұлғаға мемлекеттік қызмет көрсетуді түсіндіру және насихаттау жүргізіліп, 1 рет хаттама жазылған.

Жауапты маманы 2022 жылы қараша айында біліктілік курсынан өткен, сертификаты бар.

Мектеп дәлізінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге арнайы стенд талаптарға сәйкес жабдықталып, мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар бойынша жаңартылған. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту мақсатында жұмыс жасайтын сенім телефондары жадынама ретінде ілінген. Дәлізде өзіне өзі қызмет көрсету бұрышы жасақталған. Мемлекеттік қызмет көрсету құжаттары мен акпараттары <https://gimnaziya2.edu.kz/> мектептің сайтында орналастырылған.

*Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша бұзушылық анықталған жоқ.*

## **Жұмыс тобының қорытындылары мен ұсынымдары:**

Талдау басқарудағы жұмыс тиісті деңгейде жүргізілетінін көрсетті.



Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында мекемедегі мемлекеттік көрсетілетін қызметтер Egov.kz веб-порталы арқылы электрондық форматта жүргізілуі жетілдірілсін.

**4) Бақылау функцияларын іске асыру**

Коммуналдық мемлекеттік мекемеде бақылау функциялары жоқ.

**5) ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.**

Педагогтардың қызметіне қойылатын талаптар мен педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау нормалары жөнінде талдау жасалды. 2022-2023 оқу жылында әдеп кеңесі отырыстары жоспарлы өткізілген, педагогикалық қызметкерлер арасында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 ж. 11.05. №190 бұйрығымен бекітілген «Педагогикалық әдеп қағидалары» талқыланып, түсіндірме жұмыстары жүргізілген және хаттамаланған.

Көрсетілген кезеңде қызметтік этика қағидаларын бұзуына, мемлекеттік қызметте Қазақстан Республикасының заңдарына белгіленген шектеулерді сақтамауы түріндегі тәртіптік теріс қылық жасалмаған. «Сенім телефоны» бойынша қонырау қабылдау кестесі мен оған жауапты тұлғаларды бекіту бұйрықтары шығарылған. «Сенім телефоны» - 21 - 6 – 09 туралы ақпарат ілінген.

«№2 Хромтау гимназиясы» КММ «Сенім телефоны» психологтар кабинетінде орналасқан, педагог-психолог Салыкбаева Г.А. жауапты болып бекітілген, журналда тіркелген мәлімет жоқ. Шағым түспеген.

Талдау көрсеткендей, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін лауазымды тұлғалардың жауаптылыққа тартылу фактілері орын алған жоқ.

**Жұмыс тобының қорытындылары:**

Мектептің персоналды басқару қызметі тиісті дәрежеде жүргізіліп отыр. Педагог қызметкерлерінің қызметтік этика қағидаларын, атқарушылық тәртіпті қатаң сақтау жөніндегі ақпараттық түсіндірме жұмыстары мен педагогикалық оқуларды өткізу тәжірибесі әрі қарай жетілдірілсін.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері туралы ресми интернет-ресурсында орналастырылды.

**Жұмыс тобы**

**Төрағасы «№2 Хромтау гимназиясы» ММ  
директоры:**

**Директордың тәрбие орынбасары**

**Мектеп психологы**

**Ардагер ұстаз**

**Ата-аналар кеңесі төрағасы**

**Юшкевич Е.П.**

**Клюмова В.К.**

**Салыкбаева Г.А.**

**Лужанский О.П.**

**Культаева Э.Х.**



*Handwritten signature in blue ink.*